

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 312 (2017), 278 – 281

JEL 341.87

N.S. Shakirova

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan  
nurgul87@yandex.ru

**THE GENERAL AND SPECIAL IN THE LEGAL SYSTEM  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Abstract.** In these article features of the system of law of the Republic of Kazakhstan, its conceptual and categorical device, the structural organization, internal and external interrelations, its place in the society, and also a role of the major factor of existence and development of society were researched. Especially they are represented broadly in the modern conditions in the CIS countries, including Kazakhstan, which passed through the totalitarian regime, approved itself as law-abiding, democratic state; created the civil society on the basis of ideals of freedom, equality and stability. The system of law is the condition and the construction of law-abiding state and civil society, representative democracy and political pluralism. The category of the system of law and many problems belong to the philosophy, sociology, the problems of structural, functional analysis, etc.

**Key words:** law, legal system, national legal system, legal families, democratization, political pluralism, sociocultural determination, constitutional state, civil society, political system.

Н.С. Шакирова

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ  
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ**

**Аннотация.** Бұл мақалада Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің жалпы және ерекше белгілері карастырылған, оның ғылыми қолданбалы категориялық аппараты, құрылымының ұйыdasуы, сыртқы және ішкі байланыстары, қоғамдағы орны, мемлекеттің дамуы мен қалыптасуындағы ерекше орны. Әсіресе құқық жүйесі қазіргі кезде ТМД елдерінде өте өзекті орынға ие, сонымен қатар Қазақстан Республикасында да зерттелуі өте маңызды, себебі ғұл мемлекеттің барлығы тоталитарлық режимнен кейінгі даму үстіндегі мемлекеттер. Олар қазір өздерін құқықтық, демократиялық мемлекет ретінде жарияладап, азаматтық қоғам орнату үстінде, алға қойған идеалдары түсіністік, еркіндік және теңдік бағытында болғандықтан олар кең масштабтағы құқықтық реформалар жүргізу үстінде. Сондықтан да замануи қайшылықтарды ескері отырып ұлттық құқықтық жүйе қалыптасу үстінде. Құқықтық жүйе құқықтық мемлекет орнатудың және азаматтық қоғам қалыптастырудың, демократияның және саяси плюрализмді жасаудың іргетасы болып есептеледі. Құқықтық жүйе категориясы өте кең көлемдегі түсінік, оны қалыптастыру мәселелеріне құқық философиясы, әлеуметтану мәселелері жүйелік-функциональды талдау мәселелері де кіреді.

**Кілттік сөздер:** құқық, құқықтық жүйе, ұлттық құқықтық жүйе, құқықтық жанұялар, демократизация, саяси плюрализм, әлеуметтік-мәдени детерминация, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, саяси жүйе.

Қазақстан Республикасының одан әрі жетіліп дамуы мемлекеттік құжат та былай көрсетіледі. «Қазақстан-2050» Стратегиясы - барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол - елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шындалатын үлкен емтихан. Стратегияны мұлтқысіз орындаап, емтиханнан мұдірмей өту - ортақ парыз, абырайлы міндет [1].

Қазақстан Республикасының ұлт көшбасшысының мемлекеттікінде одан әрі жетілдіру бағытында өзінің құзырындағы биліктің кейбір тармактарын Парламент пен атқарушы билікке беру туралы Қазақстан халқына ұндеу жасады: «Сіздердің назарларыңызға еліміз үшін аса маңызды, тағдырлы мәселені ұсынбақын. Ғұл – Конституция мен заңдарға өзгерістер енгізу. Біздің алдымызда билік тармактарының өкілеттіктерін қайта бөлу міндеті тұр. Қазір заманың дидары өзгерді. Біз де өзгеруге тиіспіз. Сол себепті, мемлекеттің басқару жүйесін де жаңғыртатын кез келді. Мен елдің мұддесі мен заманың талабын, ұрпактың болашағын ойлай отырып осындағы байлам жасадым. Арнайы құрылған жұмыс тобы атқарылған істерді баяндады. Реформа екі

негізгі бағыт бойынша іске асады» [2]. Елбасының бұл құжаты мемлекеттікі одан әрі жетілдіруі мен демократиялауға бағытталған жаңа кадам. Осы құжатты жүзеге асыру барысында еліміздің құқық жүйесінде де төбөгейлі өзгерістер болмақ. Бұл кадамдар 5 институционалды реформаларды одан әрі жүзеге асырудың механизмдер болып есептеледі.

«Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі бағыттарының бірі Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі әлемде дамыған елдерінің құқықтық жүйесін саралай отырып, өндеп, олқылықтарды түзеп, жаңа заманауи үрдістердің негізінде елімізге тән жетілген құқықтық жүйені қалыптастыруды көздейді.

Егерде қоғамда маңызды экономикалық және саяси өзгерістер болып жатса, оның құқықтық жүйесі де өзгеріске ұшырауы керек. Себебі қоғамның экономикалық және саяси жүйесі құқықтың қатынасының өмір сүрмейді.

Әрбір мемлекеттің құқықтық жүйесі қоғамның дамуының заңдылықтарын, оның тарихи, ұлттық, мәдени ерекшеліктерін көрсетеді. Әрбір мемлекеттің басқа мемлекеттің құқықтық жүйелерімен ұқсастыктары және өзіндік ерекшеліктері бар жеке құқықтық жүйесі болады.

Ғылыми әдебиеттерде көрсетілгенде құқықтық жүйе дегеніміз - белгілі бір елдегі, қоғамдық қатынастарды реттейтін бір-бірімен тығыз байланысқан құқықтық құрылымдардың және сол елдің құқығының дамуының деңгейін сипаттайтын элементтердің жиынтығы [3, 29 б.].

Әлемдік мәдениетте қалыптасқандай адам қоғамының даму процесінде бір-бірімен байланысты миллиондаған қарым-қатынастар қалыптасып, жаңарап, ескіріп жатады. Бұл обьективтік диалектикалық процесс, заңдылық. Осы процесті реттеп басқару барысында қоғамдағы құқық бірнеше салаға, жүйеге бөлініп жатады. Қоғамдық қатынастардың обьективтік даму процесіне сәйкес құқықтың құрылымы да, жүйелері де ескіріп, жаңарап, даму үстінде болады. Сол себептен, құқық қоғамдағы нормативтік актілердің тек жиынтығы ғана емес. Ол қоғамның, әр саласына сәйкес обьективтік, диалектикалық даму процесінің арқылы қалыптастасын әлеуметтік көп салалы, көп жүйелі құбылыс. Бұл күрделі құқық процесі сала-салаға, жүйе-жүйеге бөлінумен шектелмейді. Сонымен бірге қоғамның салалық-жүйелік дамуын, олардың өзара байланысын, қатынасын реттеп-басқарып отырады. Нормативтік актілердің ескірғенін жаңарапты. кемшіліктерін толықтырып құқықтық нормаларды қоғамның, обьективтік процесіне сәйкес дамытып, олардың орындалуын төздетіп, жетілдіреді. Бұл процесстің байланысында, қатынасында алшақтыққа және қайшылыққа құқықтың құрылымы, жүйелері болдырмаяуы тиис.

Құқық жүйелерінің өзіне тән белгілері:

Олар тәменгілер бірінші - құқық, қоғамның обьективтік-диалектикалық даму процесіне сәйкес қалыптасан нормативтік актілердің бірлігі және құқықтың, қоғамның даму процесін реттеп, басқаруы. Құқық жүйелері субъективтік жолмен қалыптаспайды, сондықтан бұл жүйелер бір-бірімен обьективтік тығыз байланыста, қатынаста болады. Қоғамның дамуына жақсы әсер етеді. Егерде қоғам мен құқықтың обьективтік байланысы, қатынасы дұрыс дамымаса қоғам дағдарыска ұшырайтын болады.

Екінші - құқық қоғамның көп жүйелі, көп салалы әлеуметтік қарым-қатынастарын реттеп-басқарып отыратын жалпыға бірдей міндетті нормалар.

Құқық жүйелері қоғамның әр саласына сәйкес қалыптасып, сол саланы реттеп, басқарып отырады. Салалық, нормативтік актілер бәрі бірігіп қоғамдық құқықтың алдындағы тұрған бір саясатты, бір мүддемаксатты орындаиды [3, 38 б.].

2010 жылы мемлекеттің құқықтық даму бағытын жалғастыру, құқықтық жүйені жаңғырту максатында 2020 жылға дейінгі «Құқықтық саясат тұжырымдамасы» кабылданды. Соңғы ұзақ мерзімді «Құқықтық саясат тұжырымдамасы» мемлекеттің құқықтық жүйесінің - үшінші кезеңіне сәйкес келеді. Құқықтық саясатқа кешенді қозқарас барлық нормативтік-құқықтық базаны мемлекет дамуының жалпы стратегиясы тұрғысында, оның ішінде нәтижелілік, ашықтық және есептілік принциптерінде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ететін мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа модельін жасау жөнінен жаңғыртуға мүмкіндік береді [4].

Жоғардағы көрсетілген үдерістегі соны жаңалықтың бірі азаматтар мен бүкіл қоғамның мүддесін неғұрлым толық қамті алатын, нормативті құқықтық актілерді бағалаудың халькаралық стандартын енгізу болмақ. Сондай-ақ, жаңа тұжырымдама заң техникалары деңгейін көтеріп, құқықтық реттеу механизмын жетілдіруді де, озық ақпараттық технологиялардың құқық шығармашылығы және құқық қолданушы үдерісін енгізуі де қамтамасыз етті. Құқық саясатты бұлайша кешенді тұрған қарастыру - еліміздің жалпы дамуы барысында, оның бүкіл нормативтік-құқықтық базасын жетілдіріп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге кепілдік бере отырып, нәтижелілік, шынайылылық пен есеп беріп отыру қағидаттарына негізделген мемлекеттік басқарудың жаңа сапалы үлгісін жасауға мүмкіндік береді.

Құқықтық жүйе кез-келген мемлекеттің негізгі жалпы дамуының нәтижесі мен көрінісі болып табылады. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің қазіргі қалыптасуы қажырлы еңбек нәтижесі болып табылса, болашақ дамуы да қарқынды сапалы болады деп сенеміз.

Бүгінгі қоғамда заңдарды жүйелеуде өзекті мәселелер көп. Біріншіден, кодификациялық және басқа ірлендірілген актілердің жобалары мен жаңа актілердің жобаларын әзірлеу. Ең алдымен Конституцияда көрсетілгендей Конституциялық заңдар жобасы, жай заңдар жобасы зірленуі тиіс. Бұл заң жобаларының әзірлену мерзімдері Конституцияда 92-бапта «Конституциялық заңдар Конституция күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде қабылдануға тиіс, Егер Конституцияда Конституциялық деп аталған немесе заң күші бар актілер ол күшіне енген кезде қабылданып койған болса, онда олар Конституцияға сәйкес келгіріледі де, Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары деп көрсетіледі.

Екінші бір мәселе қолданылып жүрген актілерді Республика Конституациясы принциптеріне сәйкестендіру, соған байланысты өзгертулер мен тольқытулар енгізу, өзінің маңызын жойған жекелеген заң актілерінің сайттары, тармақтары мен тармақшаларының күші жойылған ден табу. Бұл көп уақыт алатын өте киын және жауапкершілігі жүктелетін, мұқияттылықты, табандылықты, теориялық білімділікті талап ететін жұмыс. Өйткені әрбір жобаны әзірлеушілер көптеген актілерді, олардың тиісті беліктерін, сайттарын, тармақтарын, тармақшаларын, абзаңтарын талдап зерттейді.

Ендігі бір мәселе, Қазақстан Республикасындағы заңдарды жүйелеудегі және жалпы заң шығарушылық қызметтегі, бұл заң текстерінің бірінші орыс тілінде дайындалып одан кейін казак тіліне аударылып кейір сөздердің немесе ережелердің мағынасының өзгеріп кетегіндігі. Бұл мәселе туралы жаңа қабылданған заңдардың казак тіліндегі мәтініне бірнеше сын мақалалар баспасөзде жарық көрді [5, 17 б.].

Елімізде қолданылып жүрген заңдар жүйесінің дұрыс дамуы үшін, заң шығару жүйесінің пайда болу барысындағы кездесетін негізгі кемшіліктерді дер кезінде көрсетіп, олармен курсудің басты құралын табу қажет. Басты кемшіліктер заңдар мен басқа да нормативтік актілер арасындағы қарама-қайшылықтар болып табылады және осы негізде олар тәжірибеде де бір-біріне үйлеспейді. Қажетті заңдарды және заңға негізделген актілерді іздеуді женилдететін жүйелеудің басқа бейресми өзге де тәсілдері болуы мүмкін. Бұрын заңдар картотекасы мен жинақтары, осындағы қызмет аткарды. Ал қазіргі уақытта оны ең тиімді жолымен - заңдар туралы деректердің жүйеленген және кодталған базалары бар электронды автоматтандырылған іздеу жүйесі, яғни мәліметтер базасымен алмастырып отыр. Мұндай жүйелер белгілі бір логикалық-математикалық жүйелерге негізделеді. Алайда, көптеген актілерді іздеу заңдар үшін маңызды негіз қалағанымен, олардың өзін тәртіпке келтірмейді. Бірақ нәтиже заңдардың өзін жүйелеу немесе кодификациялау болуы тиіс. Заңдардың жүйелі дамуының мейлінше оңтайлы жолы оны кодификациялау болып табылады. Яғни ағымдық бытыраңқы актілер қосындысының орнына заңдар жиынын жасау. Бірақ мұның өзі - заңдардың өзін бір жүйеге келтіре алмайды, тек оның негізін ғана құрай алады [6].

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі қоғам өмірінің маңызды аясында жұмысты жаксартуы үшін заңдар жаңадан өзгеріліп, толькырылуы шарт. Себебі өмір өзгерісте, мемлекет жетілуде, заңдар да оған жауап беру керек. Уақыт күтпейді, соңдықтан да заңдар да жаңғырып отыруы керек.

Қорыта келе, тәуелсіз, егеменді Қазақстан Республикасы қазір құқықтық реформаларды жаңғыртып, жетілдіруде. Осы жаңаша бетбұрыстар еліміздің мемлекеттік мұддемізге лайықты ішкі саясатпен жүзеге асырылуы керек. Осы ойлар - халқымыздың дәстүрлеріне, әдет ғұрыптына, діліне етене жақын, ұзақ ғасырлар бойы қанымызға, жанымызға, тәнімізге сіңген, адамгершілік пен имандылыққа толы заңдарын ұмытпай, ескеру, қоғам қадесінә жарату деп түсіну керек. Сол себептен, заңнама жүйесі өз елінің құқықтық мәдениетін дамыту, оны сыртқы теріс ықпалдардан қорғау әрекетін заңдастыру, ұлттық наимыс, ұлттық сананы, ұлттық болмысты, ұлттық ділді, дамыту жолдарына әдіс-тәсілдер қалыптастырып жағдай жасауды іске асыруы керек. Құқықтық жүйе рухани-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік-саяси алғышарттармен қатар және олармен өзара әрекеттесе отырып, қоғам дамуының дербес және өзіне-өзі жеткілікті, жоғары мәнді және тиімді факторы болып отыр, сонымен қатар еліміздің құқықтық жүйесі, мемлекеттігіміздің мызғымас іргетасы деп айтуға болады.

## ӘДЕБІЕТ

[1] КР Президентінің 2014 жылғы 17 қантардағы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдауы // <http://online.zakon.kz/doc>.

[2] КР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөнінде Қазақстан халқына үндеу // 25.01.2017 [https://baq.kz/kk/news/prezident/elbasi\\_undeu\\_zhariyaladi](https://baq.kz/kk/news/prezident/elbasi_undeu_zhariyaladi).

[3] Сапарғалиев Ф.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Оқулық. – Астана, 2011. – 275 б.

[4] Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздығы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған «Құқықтық саясат тұжырымдамасы» // Егемен Қазақстан. – 2009. – 28 тамыз.

[5] Аюпова З.К. Қазақстанның құқықтық жүйесінің қалыптасуы // Заң. – № 9. – 2003. – 17-25 б.

[6] Әбдірахманова С. Ата Заң - әділдіктің айғагы // Заң газеті. – 2007. – 23 тамыз.

**REFERENCES**

- [1] The Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan January 17, 2014 "The Kazakhstan way – 2050: One purpose, common interests, common future" // <http://online.zakon.kz/doc> (in Russ.).
- [2] President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev's about the distribution of powers in Kazakhstan // 25.01.2017 [https://baq.kz/kk/news/prezident/elbasi\\_undeu\\_zharyaladi](https://baq.kz/kk/news/prezident/elbasi_undeu_zharyaladi) (in Russ.).
- [3] Sapargaliyev G.S., Ibrayeva A.S. Theory of state and law. – Textbook. – Astana, 2011. – 275 p. (in Russ.).
- [4] The Concept of the legal policy of the Republic of Kazakhstan on 2010-2020 August, 24, № 858 // Egamen Kazakhstan. – 2009. – 28 August (in Russ.).
- [5] Ayupova Z.K. Development of the legal system of the Republic of Kazakhstan // Law. – № 9. – 2003. – 17-25 p. (in Russ.).
- [6] Abdrakhmanova S. Supreme law as the testimony of justice // Law newspaper. – 2007. – 23 August. (in Russ.).

УДК 341.87

**Н.С. Шакирова**

КазНАУ, магистрант кафедры права, г. Алматы, Республика Казахстан

**ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ В ПРАВОВОЙ СИСТЕМЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности правовой системы Республики Казахстан – ее понятийно-категориального аппарата, структурной организации, внутренних и внешних взаимосвязей, ее места в обществе, а также роли важнейшего фактора существования и развития общества. Особенno они представляются актуальными в современных условиях в странах СНГ, в том числе и в Казахстане, которые, преодолев тоталитарный режим, утверждают себя правовыми, демократическими государствами; формируют гражданское общество на основе идеалов свободы, равенства и согласия; интенсивно осуществляют широкомасштабные правовые реформы, в ходе которых трудно и противоречиво складываются новые национальные правовые системы. Правовая система является условием и одновременно следствием строительства правового государства и формирования гражданского общества, представительной демократии и политического плюрализма. Категория правовой системы и многие проблемы относятся к философии права, социологическим проблемам структурно-функционального анализа и др.

**Ключевые слова:** право, правовая система, национальная правовая система, правовые семьи, демократизация, политический плюрализм, социо-культурная детерминация, правовое государство, гражданское общество, политическая система.